ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ ИМЕНИ ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА»
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ
И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

11.10.2024 ж.
Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 01/04-212 П
город Алматы

Әдеп комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі Ғылыми кеңесінің 2023 жылдың 30 қарашадағы (хаттама № 4) шешімімен бекітілген, әдеп нормалары кодексті негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294, 2024 жылғы 29 тамыздағы № 425 бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 3 тарау, 20 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2024-2025 оқу жылына Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жанында ғылыми зерттеулерге сыналушы ретінде тартылған адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау, мәлімделген ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдеп аспектілерін қарастыру және қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында келесі құрамдағы Әдеп комиссиясы құрылсын:

Әдеп комиссиясының төрағасы:

Халыков Қабыл Заманбекович – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, ф.ғ.д, профессор.

Әдеп комиссиясының мүшелері:

Кульшанова Арман Айыпбековна - тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, ЖОО кейінгі білім беру ғылыми-зерттеу орталығының басшысы;

Кайранов Ербол Бахарамович – философия докторы (PhD), көркемсурет кафедрасының доценті;

Жаксылыкова Меруерт Болатканкызы – өнертану кандидаты, өнертану факультетінің деканы;

Карамолдаева Дана Омаржановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, музыкалық театр кафедрасының меңгерушісі;

001841

Молдахметова Алима Талгатовна – философия докторы (PhD), балетмейстерлік өнер кафедрасының меңгерушісі;

Попов Владимир Ильич – философия докторы (PhD), өнертанушы, экрандық өнер режиссурасы кафедрасының меңгерушісі.

Әдеп комиссиясының хатшысы:

Дәртай Әсемай Дәртайқызы – өнертану магистрі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің әдіскері.

2. **Әдеп комиссиясы төрағасының міндеттері:**

- әдеп комиссиясының қызметіне басшылық жасайды және оның жұмысын ұйымдастыруға;
- әдеп комиссиясының отырысымен қабылданған шемімдер бойынша ұсыныс жасауға;
- әдеп комиссиясының отырысымен қабылданған барлық құжаттарға қол қоюға міндетті.

3. Әдеп комиссия:

1) сыналушы ретіндегі адамдардың қатысуымен зерттеу жүргізу барысында халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес этикалық талаптардың сақталуы тұрғысынан ғылыми-зерттеу жұмыстарының құжаттарына тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізуге;

2) зерттеуді жоспарлау және жүргізу кезеңіндегі субъектілерге қатысты қауіпсіздік пен адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтауға, адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларға сәйкес (өмір сүру және адамның қадір-қасиетін, жеке өмірін құрметтеу, ақпарат алу құқығы), сондай-ақ азаматтық құқықтар (медициналық көмек алу және одан бас тарту, негізделген келісім) сақтауды тәуелсіз және объективті бағалауға;

3) ғылыми өмірбаяны негізінде зерттеушілердің біліктілігіне сәйкестігін бағалауға құқылы.

4. Әдеп комиссиясы жұмысы нәтижесінде зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысын ресімдеп төраға және барлық қатысқан комиссия мүшелері қол қоюға міндетті.

5. Әдеп комиссиясының өкілеттік мерзімі 2025 жылдың 31 тамызына дейін айқындалсын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: ЖОО кейінгі білім беру ғылыми-зерттеу орталығының басшысы А.А. Кулышановаңың қызметтік хаты.

Ректор **А. Жудебаев**